

1 Қараша
Сейсенбі,
2022 жыл

uil-gazet@mail.ru

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады

«ЗАҚ КЕРУЕНІ» – ОЙЫЛ АУДАНЫНДА

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БАС ПРОКУРОРЫНЫҢ ТАПСЫРМАСЫНА СӨЙКЕС ЕЛІМІЗДІҢ БАР-ЛЫҚ ӨНІРЛЕРІНДЕ ХАЛЫҚҚА ЖЕДЕЛ ҚҰҚЫҚТЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТУ, ҚҰҚЫҚТЫҚ МӨДЕНИЕТ ДЕҢ-ГЕЙІН АРТТЫРУ, ЗАҢДАРДЫ ТҮСІНДІРУ, ЗАҢДЫ ҚҰҚЫҚТАРЫН ІСКЕ АСЫРУҒА МҮМКІНДІГІ ЖОҚ ӨЛЕУМЕТТІК ТОПТАРДЫ АНЫҚТАУ, ӨНІРДЕ ҚАУІПСІЗДІК ПЕН ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӨРІПТІ НЫҒАЙТУ МАҚ-САТЫНДА «ЗАҚ КЕРУЕНІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АКЦИЯСЫ БАСТАУ АЛҒАН БОЛАТЫН. ОСЫ ОРАЙ-ДА КЕШЕ АУДАНЫМЫЗҒА ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ЖЕРГІЛІКТІ АТҚАРУШЫ ОРГАНДАРМЕН БІРЛЕСІП ҚҰРЫЛҒАН АРНАЙЫ ТОП ӨКІЛДЕРІ КЕЛДІ.



Аталған акция негізінде құрылған мобильді топ құрамында облыс прокурорларымен бірге облыс-тық полиция департаменті, об-лыстық денсаулық сақтау, білім, ауыл шаруашылығы, кәсіпкер-лік, сондай-ақ жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармаларының, мемлекеттік

әлеуметтік медициналық сақтан-дыру қорының қызметкерлері бар. «Шұғыла» мәдениет және демалыс орталығында өткен кездесуге мекеме басшылары, ардагерлер, аудан тұрғындары қатысты. Онда аталған жиынды тізгіндеген аудан басшысы Асқар Қазыбаев алғашқы сөз кезегін об-

лыстық ішкі саясат басқармасы басшысының орынбасары Серік Қонақбаевқа берді.

«Акцияның аты айтып тұрғандай, заң аясында түсінік жұмыстарын жүргіземіз. Аудан тұрғындары-на құқықтық, заңгерлік кеңес бе-реміз. Шешімін таппай жүрген сұрақтарыңызға сіз бен біз болып

бірлесіп жауап беруге тырыса-мыз, - деп ашық пікірлесуге шақы-рды Серік Қонақбаев.

Келесі кезекте сөз алған облыс прокурорының бірінші орынбаса-ры Қуандық Рахметов акцияның маңыздылығын түсіндіріп өтіп, атқарылып жатқан жұмыстарға оң баға берді. Кездесу барысында аудан проку-роры Нұрлыбек Жолтаев ауданда былтырғы жылға қарағанда құқық бұзушылық 34%-ға азайғанын жеткізді.

«Мемлекеттік әлеуметтік ме-дициналық сақтандыру қоры» филиалының директоры Алтай Оразбағамбетов ойылдықтарға әлеуметтік медициналық сақтан-дыруға мән беру қажеттігін түсіндіріп өтсе, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының бөлім басшысы Ақсұлу Жұбаназарова қыркүйек-тен бастап енгізіліп жатқан от-басылық цифрлық карта туралы, әлеуметтік көмек пен қызмет түр-лерінің бірте-бірте жүзеге асаты-нын баяндады.

«Ойыл ауданының Құрметті азам-аты» Ғазиз Займолда ауданға қатысты бірқатар мәселелерді кө-терді. Ең бірінші кезекте

– «Жол бойында жүрген мал көп. Көбіне кешқұрым, түнгі мезгілдер-де жүргізушілердің жол апатына ұшырауына әкеп соғуда», - деп малдың бағылу тәртібін қозғады. Сонымен қатар аудан тазалығы-на мән беруді жеткізді.

Жиын соңында мамандар жеке қабылдау өткізді.

Гаухар АЛЕКСЕЕВА,
Ойыл селосы.

САЙЛАУ: ТМД БАЙҚАУШЫЛАР МИССИЯСЫ 21 ҚАРАШАДА ҚОРЫТЫНДЫ МӘЛІМДЕМЕ ЖАСАЙДЫ



20 қарашада өтетін кезектен тыс президент сайлауына ТМД елдерінен 23 байқаушы аккре-дитация алды. Бұл туралы ТМД Атқарушы комитеті төрағасының – атқарушы хатшысының орынба-сары Ильхом Нематов айтты.

«Жұмысымыз ашықтыққа, де-мократиялыққа, бейтараптыққа, Қазақстанның ішкі істеріне ара-ласпауға, халықаралық құқықтың негізгі нормалары мен ұста-нымдарын сақтауға негізделген. Біздің байқаушы тәжірибеміз бар. Байқау шынайы өтетіндігіне сенімім мол. Қорытынды мәлімде-ме жасаймыз. Байқаушылар топ-тарының барлық жетекшілерінің қатысуымен үйлестіру кеңесін құрамыз. Дауыс беру аяқталған-нан кейін, 21 қарашада қорытын-

ды құжатымызды жария етеміз. Мәлімдемеміз қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді байқаушылар-дың байқау нәтижелеріне ғана негізделетін болады», - деді Иль-хом Нематов Орталық сайлау ко-миссиясында өткен брифингіде. Оның атап өтуінше, еліміздегі сайлауға ТМД елдерінен қаты-сатын 100-ден астам байқаушы-ның 23-і бүгінде аккредитация алып үлгерген. Миссия құрамына ТМД-нің барлық елінің өкілі, ТМД Парламентаралық Ассамблея-сының, Ресей-Беларусь одақтас мемлекетінің Парламенттік Ас-самблеясының өкілдері, Астана-да аккредиттелген дипломаттар және ТМД Атқарушы комитетінің қызметкерлері кіреді.

Қазақпарат

АЙТҚАЛИ - ӘЛЕМНІҢ КҮМІС ЖҮЛДЕГЕРІ



27 қазан күні Индияның астанасы Нью-Дели қаласында гір спор-тынан әлем чемпионаты бастал-ды. Әлемнің 13 елінен 234 атлет бақ сынаған бәсекеге Қазақстан Айтқали Құрамының сапында біздің жерлесіміз Айтқали Балта-баев та барған еді.

«Қара көбейтіп» барып қана қой-май, намысты қолдан бермеген Айтқали 63 салмақ дәрежесін-де күміс жүлдеге ие болды. Гир

спорты ғана емес, ауыр атлетика Ойыл үшін жат емес. Қадіржан ағамыз салған сара жол бар. Айтқали қазір Ақтөбе қала-сында гір тастарын көтеруден әлемнің бірнеше дүркін чемпи-оны Евгений Гончаровпен бірге жаттығады. Бұған дейін ел чемпи-онатында топ жарған Қазақстан қоржынына күміс медаль салған Айтқалиды айтулы жеңісімен құт-тықтаймыз!

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ОЙЫЛ АУДАНЫҚ МӘСЛИХАТЫ ХАТШЫСЫНЫҢ ШЕШІМІ

31 қазан 2022 жыл
Аудандық мәслихаттың
кезектен тыс он бесінші сессиясын
шақыру туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10 бабының 2 тармағына сәйкес

ШЕШІМ ЕТЕМІН:

Жетінші шақырылған аудандық мәслихаттың кезектен тыс он бесін-ші сессиясы 2022 жылдың 10 қарашасы күні сағат 10.00-ге аудан әкімдігінің мәжіліс залында шақырылсын.

Сессияның күн тәртібіне мына мәселелер енгізілсін:
1. Ақтөбе облысы Ойыл аудандық мәслихатының 2021 жылғы 23 желтоқсандағы №95 «2022-2024 жылдарға арналған Ойыл аудандық бюджетін бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы
Хабарламашы: Б.Әділханов - аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы.
2. Басқа да мәселелер.

Аудандық мәслихат хатшысы: С.Ғ.Займолдин

САЙЛАУ - САЯСИ НАУҚАН

САЙЛАУҒА ҚАТЫСЫП, ӨЗІНІҢ ҚҰҚЫҒЫН ПАЙДАЛАНУ ЕЛІМІЗДІҢ ӨРБІР АЗАМАТЫНЫҢ ПАРЫЗЫ. СОНДЫҚТАН, ҮЛКЕН САЯСИ НАУҚАН ҚАРСАҢЫНДА АУДАНЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИС-СИЯСЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ БЕРІК БИСКЕНОВПЕН СҰҚБАТТАСҚАН ЕДІК.



- Берік Төлеуұлы, 20 қараша күні Қазақстан Республикасы Прези-дентінің кезектен тыс сайлауы өтеді. Оның бұрынғылардан ерек-шелігі неде?

- Қазақстан Республикасы Прези-денті Қ-Ж.К.Тоқаев 2022 жылдың 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына жолдаған Жолдауында елімізді алда жаңа саяси реформалар күтіп тұрғанын атап өте келе осы жылдың күзінде кезектен тыс Президент сайлауын өткізуді ұсынды. Бұл сайлаудың ерек-шелігі, мынада енді Президенттің өкілеттік мерзімі 7 жыл болады және ол бір мерзімнен артық Прези-дент болып сайлана алмай-ды. Сонымен қатар Президент-тің туыстары саяси мемлекеттік және квазимемлекеттік органдар-да басқарушылық қызмет атқара алмайды.

- Саяси кезеңге байланысты қан-дай жұмыстар атқарылып жатыр?
- Қазіргі таңда Орталық сайлау комиссиясы кандидаттарды тір-

кеп болды. Барлығы 6 кандидат тіркеліп, үгіт-насихат жұмыста-рына кірісті. Аудандық сайлау комиссиясы кандидаттардың сенімді өкілдерін тіркеді, олар да жұмыстарына кірісіп кетті. Кан-дидаттарды тіркеуге байланысты заңнамада олардың сайлаушы-лардан қол жинау еркіндігі айқын көрсетілген. Осыған сәйкес бар-лық Президенттікке үміткер азаматтар аудан сайлаушыларынан қол жинады. Қол қою парақтары аудандық сайлау комиссиясы мүшелері мен аудандық полиция бөлімі көші-қон бөлімшесі қыз-меткерлері арқылы тексеріліп, облыстық сайлау комиссиясына тапсырылды.

- Сайлауды үгіт-насихат жұмы-стары басталып кеткенін білеміз. Осы тұрасында сөз қозғасақ...

- Сайлау комиссияларының үгіт-насихат жұмысына кірісуге құқығы жоқ. Үгіт-насихат жұмы-стары кандидаттардың қоғамдық штабтары мен сенімді өкілдері арқылы жүргізіледі.

- Маңызды науқанға Ойыл аудан-ынан қанша сайлаушы қатыса-ды? Олардың дауыс беруін ұй-ымдастыру жайы қалай?

- Аудан бойынша 2022 жылдың 1 қазанына 9527 сайлаушы бар. Жергілікті атқарушы органдар қазір сайлаушылар тізімін нақты-лауда, сайлаушылар тізімі сайлау учаскелеріне аудан әкімінің қолы қойылып, 30 қазанда тапсыры-лады. Учаскелік сайлау комис-сиялары тізімді алғаннан кейін 5 күн ішінде нақтылап, сайлауға 15 күн қалғанда, яғни 4 қарашадан бастап сайлаушыларға танысу үшін ұсынады. Бір айта кететін сайлаушылар тізімімен әр сай-лаушы өзі ғана таныса алады.

Олардың тізіміне республика-ның белсенді сайлау құқығы бар азаматтары енгізіледі. Сонымен қатар жергілікті атқарушы орган-дардың лауазымды адамдары тиісті сайлау комиссиясы ұсынған сайлаушылар тізімдерінің, сон-дай-ақ сайлаушылар туралы де-ректтердің анықтығы үшін жауап-ты болады. Өрбір азамат сайлау жарияланған немесе тағайын-далған кезден бастап тиісті атқа-рушы органда сайлаушы ретінде тіркелуге құқылы. Егер азамат сайлауға кемінде отыз күн бұрын тіркеліп, сайлау күні өзінің тіркел-ген орны бойынша дауыс беруге арналған үй-жайға келу мүмкін-дігі болмайтыны белгілі болса, ол өзінің сол сәттегі мекен жайы бойынша сайлаушылар тізіміне енгізу жөнінде жазбаша өтініш беруіне болады. Айта кетерлігі, быыл Занда алғаш рет мүмкін-дігі шектеулі сайлаушылардың дауыс беруіне қолайлы жағдай жасау көзделген. Сондықтан ал-дымен дауыс беруге ғимараттың бірінші қабаты таңдалып, пан-дустардың, төсеніштердің, так-тильді көрсеткіштердің (уақытша рұқсат етіледі) болуын қамтама-сыз ету керек. Ең бастысы, мүм-кіндігі шектеулі азаматтарға сай-лау учаскесінде бөгде адамның көмегінсіз таңдауын жасырын білдіре алатындай жағдай жасал-ды. Сондай-ақ сайлау учаскесіне келе алмайтын тұрғынға, оның алдын ала өтініші арқылы, сай-лау комиссиясының өкілдері үй-ден дауыс беруге жағдай жасай алады. Саяси баулан алдында мамандардың біліктілігі басты назарда ұсталады. Осыған орай аудандық, аумақтық сайлау ко-миссиясы мүшелерінің барлығы арнайы оқытылды. Аудан бойын-ша 24 сайлау учаскесі бар, олар-дың құрамында 120 учаскелік сайлау комиссиясының мүшелері бар. Қазіргі таңда учаскелер сай-

лауға дайын деп айтуға болады. Сайлау туралы заңдылықтарға сәйкес ҚР Орталық сайлау ко-миссиясымен "Қазақстан Респу-бликасы Президентінің кезектен тыс сайлауын әзірлеу мен өткізу" жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспары бекітілді. Соған сай аудандық «Ойыл» газетінің 2022 жылдың 28 қыркүйегі күнгі №38 санында Ойыл ауданы аумағындағы сайлау учаскелерінің шекаралары мен Ойыл аудандық аумақтық және учаскелік сайлау комиссиялары-ның құрамы жарияланды. Бүгінгі күнге дейін сайлау учаске-лерінде науқан туралы баннер мен билбордтар ілінді. Кеңселік тауарлармен толық қамтамасыз етілді. Қазіргі таңда сайлау каби-налары жасақталды. Сөз соңында, Қазақстан Респу-бликасының болашағына бейжай қарамайтын әрбір азаматты 20 қараша күні өз таңдауын жаса-уға шақырамын. Саяси науқанда еліміздің әр азаматының дауысы маңызды екенін естеріңізге сала-мын.

- Өңірімізге рақмет!

Өңгімелескен
С.ҚОЙБАҒАРОВ.

ТҮЗЕТУ

Аудандық «Ойыл» га-зетінің 28.09.2022 жылғы №38 санында жария-ланған аудандағы учаскелік сайлау комис-сияларының құрамдары тура-лы хабар төмендегідей мәтінде :
№389 учаскелік сайлау комиссиясының хатшысы Тілепова Әлия Саулебай-қызының орнына комис-сия хатшысы болып Ер-менова Райхан Есенқызы деп түзетіліп оқылсын.

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

БЖЗҚ-дан зейнет жасына жетуіне байланысты берілетін төлемдердің сомалары артуда

2022 жылдың 1 қазанындағы жағдай бойынша, Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшыларының шоттарында 14,1 трлн. теңге зейнетақы жинақтары қалыптасты. Өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырсақ, зейнетақы жинақтарының өсімі 1 трлн. теңгеден (немесе 7,8 %) асты. Қазақстандықтардың жинақтарының 97% міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) есебінен қалыптастырылды. МЗЖ бойынша жеке зейнетақы шоттарында (ЖЗШ) 1 қазанға 13,7 трлн. теңге жинақталған (бір жылдағы өсім 7,4% құрады). Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) бойынша зейнетақы жинақтарының сомасы өткен жылдың 1 қазанынан бастап 21% ұлғайып, 422,4 млрд. теңгені құрады. Ең үлкен өсімді - бір жылда 90% астам - ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) бойынша жинақтар көрсетті, олар шамамен 3,1 млрд. теңгені құрады.

2022 жылдың тоғыз айында салымшылардың шоттарына жалпы көлемі шамамен 1,2 трлн. Теңге зейнетақы жарналары түсті, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңіндегі көрсеткіштен 29% немесе 278,5 млрд. теңгеге көп. Өсім жарналардың барлық түрі бойынша болғанын атап өту керек.

Салымшылар мен алушылардың шоттарына таза инвестициялық табыс түрінде шамамен 717 млрд. теңге түсті.

2022 жылдың 1 қазанына БЖЗҚ-дағы жеке зейне-

тақы шоттарының саны 12,0 млн. бірлікке жетті. Оның 10,9 млн. - міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) есебінен ашылды. МКЗЖ бойынша қалыптасқан шоттар -584742 бірлік болса, ЕЗЖ есебінен қалыптасқан ЖЗШ саны 349277 бірлікке жетті. Жыл басынан бері БЖЗҚ өз салымшыларына 1,1 триллион теңгеден асатын сома төледі. Оның басым бөлігін тұрғын үй жағдайын жақсарту және емделу мақсаттарына арналған біржолғы зейнетақы төлемдері (БЗТ) құрады – 879 млрд теңге. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда екі еседен көп көлемге артық.

Жасы бойынша төлемдер 21% ұлғайып, шамамен 87 млрд. теңгені құрады. Айта кету керек, БЖЗҚ-дан кесте бойынша орташа айлық төлем сомасы (зейнет жасына толуына байланысты) 29 868 теңгені, ал ай сайынғы төлемнің ең жоғары сомасы 707 326 теңгені құрады. Естеріңізге сала кетейік, өткен жылдың осы кезеңіндегі ай сайынғы төлемнің ең жоғары сомасы 673 643 теңге болды.

Сондай-ақ, мұрагерлік бойынша төлемдер - 47,6 млрд. теңге, ҚР шегінен тыс тұрақты тұруға кетуге байланысты төлемдер - 37,6 млрд. теңге, мүгедектік бойынша төлемдер – 1,8 млрд. теңге, жерлеу-ге төлемдер - 4,1 млрд. теңге жүзеге асырылды. Сақтандыру ұйымдарына шамамен 19,5 млрд. теңге аударылды.

«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы

ИНФОРМАЦИОННОЕ СООБЩЕНИЕ

Увеличиваются суммы выплат из ЕНПФ в связи с достижением пенсионного возраста

На 1 октября 2022 года на счетах вкладчиков Единого накопительного пенсионного фонда сформированы пенсионные накопления на сумму 14,1 трлн. тенге. По сравнению с аналогичной датой прошлого года прирост пенсионных накоплений превысил 1 трлн. тенге (или 7,8%). 97% накоплений казахстанцев сформировано за счет обязательных пенсионных взносов (ОПВ). На индивидуальных пенсионных счетах (ИПС) по ОПВ на 1 октября аккумулировано 13,7 трлн. тенге (прирост за год составил 7,4%). Сумма пенсионных накоплений по обязательным профессиональным пенсионным взносам (ОППВ) составила 422,4 млрд. тенге, увеличившись с 1 октября прошлого года почти на 21%. Наибольший прирост – более 90% за год – продемонстрировали накопления по добровольным пенсионным взносам (ДПВ), которые составили порядка 3,1 млрд. тенге. Сумма пенсионных взносов за девять месяцев 2022 года составила 1,2 трлн. тенге, это на 29% или почти 278,5 млрд. тенге выше показателя прошлого года. Надо отметить, что рост произошел по всем видам взносов.

Порядка 717 млрд. тенге поступило на счета вкладчиков и получателей в виде чистого инвестиционно-

Число индивидуальных пенсионных счетов в ЕНПФ на 1 октября 2022 составило 12,0 млн. единиц, 10,9 млн. из которых – по обязательным пенсионным взносам. Количество счетов по ОППВ – 584742 ед., 349 277 ИПС открыто по учету ДПВ.

С начала года ЕНПФ выплатил порядка 1,1 трлн. тенге. Большую часть выплат составили единовременные пенсионные выплаты (ЕПВ) на улучшение жилищных условий и лечение – 879 млрд. тенге – это более чем в два раза меньше, чем за аналогичный период прошлого года.

Выплаты по возрасту увеличились на 21 % и составили порядка 87 млрд. тенге. Стоит отметить, что сумма средней ежемесячной выплаты по графику из ЕНПФ (в связи с достижением пенсионного возраста) составила 29 868 тенге, а максимальная сумма ежемесячной выплаты 707 326 тенге. Напомним, за этот же период прошлого года максимальная сумма ежемесячной выплаты составляла 673 643 тенге.

Также осуществлены выплаты по наследству - 47,6 млрд. тенге, выплаты в связи с выездом на ПМЖ за пределы РК - 37,6 млрд. тенге, выплаты по инвалидности - 1,8 млрд. тенге, выплаты на погребение – 4,1 млрд. тенге. Встраховые организации переведено порядка 19,5 млрд. тенге.

Пресс-центр АО «ЕНПФ»

ҒҰМЫРДЫҢ ӨЗГЕШЕ ӨЗЕГІ

АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНЫҢ 41-РАЗЪЕЗД АУДАНЫНДА АХМЕТЖАН ҚОЙШЫҒҰЛОВ АТЫНДА КӨШЕ БАР. АЛ ОНЫҢ ҚАНДАЙ АДАМ БОЛҒАНЫН, ҚАЙ ДӘУІРДЕ ӨМІР СҮРГЕНІН, ЕЛІМІЗГЕ СІІРГЕН ЕҢБЕГІН КӨПШІЛІК ЖҮРІП БІЛЕ БЕРМЕЙДІ. БІЛМЕГЕНДІКТЕН ДЕ, «КЕЙІНГІ КЕЗДЕРДЕ КӨШЕЛЕРГЕ КІМ КӨРІНГЕННІҢ ЕСІМІ БЕРІЛЕТІН БОЛДЫ» ДЕП, ОРЫНСЫЗ КІНӨЛАП ЖАТАДЫ. ЕГЕР АЛДЫН АЛА ТҮСІНДІРУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРІП, КӨШЕ АТАУЫ БЕРІЛГЕН ТҰЛҒА ТУРАЛЫ ЖАН-ЖАҚТЫ МАҒЛҰМАТ АЙТЫЛСА, ӨМІРДЕН ӨТІП КЕТКЕН АДАМДЫ БҰЛАЙ ЖАҢСАҚ ҒАЙБАТТАУҒА ОРЫН ҚАЛЖАС ЕДІ. БІЗ БІЛЕТІН АХМЕТЖАН ҚОЙШЫҒҰЛҰЛЫ — ІРІ ТҰЛҒА, МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ.

**Көше аты кімге берілді?**

Соның дәлелі — менің алдымда жатқан құжаттар. Бұл құжаттардың оның жақын інісі, еліміздің энергетика саласының белгілі маманы Сансызбай Қуатов еліміздің орталық мұрағаттарынан сұратып алдырған. Оның көпшілігі қайраткердің бір кезде өз қолымен толтырылған іс қағаздары. 1964 жылдың 2 қаңтарында орыс тілінде жазылған өмірбаянында ол мынадай деректер береді: «Мен, Қойшығұлов А.Қ. 1905 жылы Ақтөбе облысының Ойыл ауданында Ақшатау ауылдық кеңесінде Калинин ұжымшарында кедей-шаруаның отбасында дүниеге келіп, 1922 жылға дейін тұрдым. Өкем Қойшығұл Ахметұлов ұста болды, ол 1945 жылы, шешем 1951 жылы қайтыс болды. 1912 жылдан 1918 жылға дейін екі кластық орыс-қырғыз училищесінде, 1923 жылдан 1921 жылға дейін Орынбор қаласында мұғалімдер семинариясында оқыдым. Қазан төңкерісімен байланысты оқудың үшінші курсын кеттім...

1922-1924 жылдар аралығында Орал қаласы, Қаратөбе, Ойыл кенттеріндегі байланыс жүйесінде почталық-телеграфтық қызметкер болып жұмыс жасадым. 1924 жылдан 1927 жылға дейін Қызыл Армияда өз еркіммен қызмет етіп, Саратов қаласындағы атты әскер бөлімінде взвод командирі болдым.

Әскер қатарынан оралғаннан кейін, екі жыл сот-тергеу органдары жүйесінде жұмыс істедім. Маңызды істер бойынша тергеуші, ауданның прокуроры қызметтерін атқардым. 1929 жылдан 1938 жылға дейін еліміздің Ішкі істер министрлігінде жауапты қызметтерде болдым.

1938 жылдан 1939 жылға дейін Оңтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің төрағасы қызметінде, 1939-1940 жылдар аралығында Қазақ КСР Автокөлік халық комиссариатын басқардым. 1940-1942 жылдары Халық комиссарлары кеңесі төрағасының орынбасары, Қазақ КСР Мемле-

кеттік бақылау халық комиссары қызметтерінде болдым. 1942 жылдан 1947 жылға дейін Қазақстан Республикасы Орталық партия Комитетінің қорғаныс өнеркәсібі бойынша хатшысына, бұдан кейін үшінші хатшысына сайланып, партияның басшылық қызметтерінде болдым.

1947-1950 жылдары Қызылорда облыстық атқару комитетінің төрағасы, одан кейін үш жыл Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің жанындағы су шаруашылығы басқармасы бастығының орынбасары, 1954 жылдары еліміздің Ауыл шаруашылығы министрінің орынбасары лауазымдарын атқардым.

1955 жылдан 1961 жылға дейін Қазақ КСР Министрлер Кеңесі жанындағы Қоныстанушыларды орналастыру және ұйымдастыру басқармасын басқарып, сол жылдың қараша айында одақтық маңызы бар зейнеткерлік демалысқа шықтым.

1922 жылдан 1932 жылға дейін комсомол мүшесі қатарында, 1932 жылдан КОПК мүшесімін, партиялық жазам жоқ. Алған марапаттарым: екі «Қызыл жұлдыз», Еңбек Қызыл ту, I дәрежелі «Отан соғысы» және «Құрмет белгісі» ордендері. «Ұлы Отан соғысында сіңірген еңбегі үшін», «Германияны жеңгені үшін», басқа да бірнеше медальдар.

Үйленгенмін, әйелім, екі ұлым, бір қызым бар. Балаларым жоғары білімді, өз мамандықтары бойынша жұмыс істейді».

Міне, осыдан бір жылы кем, елу жыл бұрын, өз қолымен жазылған ресми құжаттан елі үшін қызмет еткен азаматтың бүкіл өмір жолы көрініп тұр. Біз сол енегелі ғұмыр, үлкен еңбектің үш кезеңін ғана ой елегінен өткізбекпіз.

Калашников пен Қойшығұлов

Бұл адамды бүгінде күллі әлем біледі. Ұлы Отан соғысының шешуші жылдарында аса ыңтайлы қару жасаған және оны кейін жетілдірген маман. Сол есімі аңызға айналған атақты М.Т. Калашниковтың «Қару жасаушы-кон-

структордың жазбалары» деп аталған кітабы бар. 1992 жылы Мәскеудің «Воениздат» баспасы «Әскери мемуарлар» сериясы бойынша шығарған. Осы көлемді кітаптан автор Қазақстан Республикасы Орталық партия Комитетінің қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі хатшысы қызметін атқарған Қойшығұлов туралы да жазады. Біз кітаптың сол тұсын толық аударып ұсынуды жөн көрдік.

«Соғыс кезінде қолында өз бетімен жасаған пистолет-пулеметі бар жаралы аға сержанттың аяқ астынан пайда болуы талайларды, оның ішінде сүйегіне дейін кәсіпқой әскери адамға бірқатар күдік тудыратыны түсінікті еді: қару қайдан жүр, қандай мақсат? Менің ойда жоқта сап ете түсуімді облыстық әскери комиссариаттың адъютанты тап солай қабылдады. Мен оған жаралы болуыма байланысты демалыста болған кезде пистолет-пулеметтің жаңа үлгісін жасағанымды және өзіммен бірге соны алып келіп отырғанымды баяндағанымда, оның шын мәнінде есі шығып кетті. Мен әскери комиссардың өзіне жете алмадым, адъютанттың тұйрығы бойынша табан астында сондай жылы сөйлесім. Пистолет-пулеметтің үлгісін менен сол жерде тартып алды, белбеуімді шештірді. Бір сөзбен айтқанда, асқан қырағылық танытылды және ол жерде ешкімге ренжудің реті де жоқ еді. Бәрі айқындалғанын, тез шешілуін күтіп жатудан басқа ештеңе қалмады.

xxx

Үшінші тәулік өтті, ал менің тағдырым әлі шешілген жоқ. Бір мезетте түске қарай есік ашылды, табалдырықтан әскери комиссариаттың мені соншалықты азап шектіріп, бір сөзбен айтқанда, асқан қырағылық танытылды және ол жерде ешкімге ренжудің реті де жоқ еді. Бәрі айқындалғанын, тез шешілуін күтіп жатудан басқа ештеңе қалмады.

xxx

Үшінші тәулік өтті, ал менің тағдырым әлі шешілген жоқ. Бір мезетте түске қарай есік ашылды, табалдырықтан әскери комиссариаттың мені соншалықты азап шектіріп, бір сөзбен айтқанда, асқан қырағылық танытылды және ол жерде ешкімге ренжудің реті де жоқ еді. Бәрі айқындалғанын, тез шешілуін күтіп жатудан басқа ештеңе қалмады.

— Жолдас аға сержант, төмен түсіңіз. Онда сізді көлік күтіп тұр. Тек әуелі өзіңізді тәртіпке келтіріңіз, — деді.

Баспалдақ бойымен түскенім сол

еді, подъезден-ақ көшеде, шынында да, қара түсті жеңіл көлікті тұрғанын көрдім. Адъютант қолымен оны көрсетіп, есігін ашуға ұмсынды. Енді менің бас сындыруыма тура келді: не үшін мұндай құрмет, кім маған қамқорлық жасап отырған?

Көлікке отырған соң, мұның мәнісін жанындағылардан сұрадым. Олар бірден кесіп айтты: — Қазақстан (болшевиктер) Компартиясының Орталық комитетіне, Орталық Комитет хатшысы жолдас Қойшығұловқа сізді жеткізуге бұйрық болды.

xxx

